



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года // Казахстанская правда. 27 августа 2010 года.

2. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.04.2016 г.)

3. Понятие преступления и уголовного проступка. А.Тубеков, помощник прокурора г. Жезказгана, юрист 2 класса. // http://zhezmedia.kz/news/ponjatie_prestuplenija_i_ugolovnogoprostupka/2014-11-07-138

4. Рысбеков Е.Ж., Машабаев А.Ж. Некоторые вопросы совершенствования уголовного законодательства Республики Казахстан. // Вестник КарГУ, - 2014 – с. 44-48.

УДК 343.432.3

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗАПТАУЛАР МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕС ШАРАЛАРЫ

Төлесбай Жансүйген Серікқызы

tzhs98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Заң факультеті, “Құқықтану” мамандығының ІІ курс студенті, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Б. Мұратханова

ҚР Конституциясының 17-бабы бойынша адамдарды азаптауға, зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға тыйым салынған.[1] Кең мағынада, азаптау деп адамды қинаудың әр түрлі нысаны саналады: қылмысты мойындату үшін әр түрлі жарақаттар салу, қорлау, кей жағдайларда адам өлімін әкеліп соғу. Тар мағынасында, “азаптау” сөзінің мағынасын “жауап алу кезіндегі физикалық күш қолдану, зорлық-зомбылық” деп түсінуге болады.

Азаптауды қолдану негізінен ежелгі заманнан бері жазалау құралы болып табылады. Негізінен, азаптау Ежелгі Грецияда, Ежелгі Римде, Ассирияда, Ежелгі Египетте және өзге де мемлекеттерде кең тараған. Сол уақытта азаптаулардың кең тараған түрі – скафизм. Бұл азаптау түрі әсіресе Ежелгі Персия елінде танымал болған болатын. Оның құрбанын, яғни әскери тұтқындарды азаптау барысында адамның денесі мен қанына құмар жәндіктер мен құрттар жейді. Бұл азаптау былайша жүзеге асырылды:

1) Тұтқынды таяз астауға орналастырып, тізбектермен орайды;

2) Жәндіктерді өзіне тарту үшін оларды көп мөлшерде сүтпен және балмен тамақтандырады;

3) Тұтқынды аш жәндіктері бар батпаққа салады;

4) Батпақта аш жәндіктер оның денесін қорек қылады.

Сонымен қатар адамдарды тірідей көму, тірідей отқа күйдіру сияқты түрлері көп қолданылған.

Орта ғасырларда азаптаудың өзгеше түрлері пайда болды: адам аяғын темір салып қайта тігу, адамды аш жәндіктерге талату, т.б. Орта ғасырдағы адамдарды азаптау тәсілдері ежелгі уақыттағы азаптау тәсілдеріне қарағанда өте қатаң түрде жүргізілді. Бұл уақытта азаптауға ұшыраған адамдардың бірде-біреуі де тірі қалмайтын.[2]

Жаңа заманнан бастап көптеген елдерде адамдарды азаптауға шектеу қойыла бастады. Еуропа елдерінде азаптауға шектеу шаралары XVII ғасырдың соңында қойылды, ол гуманистік идеялардың дамуымен байланысты болды. Азаптаулардың барлық түрлеріне шектеу қойылған ең алғашқы ел – Пруссия болды. Онда азаптауларға ең алғашқы рет 1754 жылы шектеу қойылды, ресми түрде 1805 жылдан бастап жойылды. Данияда 1770 жылы, Ресейде ІІ Екатеринаның құпия жарлығымен 1774 жылы 8 желтоқсанда, І Александр патшаның жарлығымен 1801 жылы 27 қыркүйекте ресми түрде, Австрияда 1776 жылы, Францияда 1780 жылы, Нидерландыда 1789 жылы, Венецияда 1800 жылы,

Баварияда 1806 жылы, Норвегияда 1819 жылы, Португалияда 1826 жылы, Грецияда 1827 жылы азаптаулар қолдануға тыйым салынды.

XX ғасырда азаптаулар Германияда, Кеңес Одағында, АҚШ-та, Қытайда қайтадан күшіне енді. Бұл азаптаулар негізінен құпия бұйрықтар негізінде жүзеге асырылып отырды.[3]

Азаптауға, зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға тыйым салу жалпы халықаралық норма болып табылады, ол адам құқықтарын қорғау туралы көптеген халықаралық актілерде қамтылған.

Соғыс уақытында жасалған азаптау актісі әскери қылмыстарға жатқызылды және оған 1949 жылы Женева конвенциясымен тыйым салынды. 1949 жылы 12 тамызда қабылданған Женева конвенциясының 3-бабына сәйкес, халықаралық қақтығыстар жағдайында қақтығыс орын алған тараптарда қарулы қақтығысқа денсаулық жағдайына байланысты, ауруға шалдығуына байланысты, өзге де себептерге байланысты, адамдарға соғысқа қатысуға тыйым салынады, қарулы қақтығыста олардың ұлтына, нәсіліне, діни сеніміне, жынысына, материалдық жағдайына байланысты кемсітушілікке және азаптауларға тыйым салынған.

Осы мақсатпен осы аталған тұлғаларға қатысты мынадай әрекеттерге тыйым салынады:

- а) зорлық-зомбылық, қатыгездік көрсету, азаптау әрекеттеріне;
- б) кепілге алу;
- в) адамдық қадір-қасиетін қорлау;
- г) соттың үкімінсіз жазаға тарту.[4]

Сонымен бірге, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған “Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына” сәйкес, әр адам қай жерде жүрсе де, құқықтық субъектісі ретінде танылуына құқылы және ешкім де азапталуға немесе қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленуге, немесе жазалануға тиіс емес. Қазақстан бұл құжатқа 1998 жылы қол қойды.[5]

1975 жылғы 9 желтоқсандағы “Барлық адамдарды азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен қорғау туралы” БҰҰ Декларациясында, содан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1984 жылғы 10 желтоқсанда қабылдаған “Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның” 1-бабына сәйкес, «азаптау» анықтамасы қандай да бір адамға одан немесе үшінші адамнан мәлімет немесе мойындау алу, ол немесе үшінші адам жасаған немесе жасағанына сезік келтірілген әрекетіне оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды қорқыту немесе мәжбүрлеу үшін дене немесе адамгершілік қатты зақымдары немесе азап шегуі қасақана жасалатын немесе кез-келген сипаттағы кемсітушілікке негізделген кез-келген себеп бойынша мұндай зақымды немесе азап шегуді мемлекеттік лауазымды тұлғамен немесе ресми түрдегі басқа да адаммен немесе олардың азғырушылығы немесе олардың келісімімен немесе үнсіз келісу бойынша келтірілетін кез-келген іс-әрекетті білдіреді. Бұл анықтамаға заңдық санкциялар нәтижесінде ғана туындайтын, осы санкциялардан ажыратылмайтын немесе олармен кездейсоқ келтірілетін зақым немесе азап шегу енгізілмейді. Осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттің әрқайсысы өзінің заңи құзырындағы кез-келген аумақта азаптаулар актілерінің алдын алу үшін тиімді заңнамалық, әкімшілік, сот және басқа да шара қолданады. Қандай да бір соғыс жағдайы немесе соғыс қаупі, ішкі саяси тұрақсыздық немесе кез-келген басқа да төтенше жағдай сияқты ерекше жағдайлар, жоғары тұрған бастықтың немесе мемлекет билігінің бұйрығы азаптаулардың ақтауы бола алмайды. Сонымен қатар қатысушы мемлекеттердің әрқайсысы жауап алуға қатысты ережелерді, нұсқаулықтарды, әдістер мен тәжірибені, сондай-ақ қандай да бір азаптау жағдайларын болдырмау үшін өзінің заңи құзырындағы кез-келген

аумақта қамауға алудың, ұстаудың немесе түрмеде ұстаудың кез-келген түріне тартылған адамдарды күзетпен ұстау және оларға қарау шарттарын жүйелі түрде қарайды.[6]

Қазақстан Республикасының азаптауларға қарсы күресінің жаңа сатысы “Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-амысты қорлайтын іс-әрекеттер және жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға факультативтік хаттаманы” ратификациялаудан басталды. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 2002 жылы адамдарды қинауға қарсы конвенциясына қосымша Факультативті хаттама қабылдап, ол 2006 жылдың 22 маусымынан күшіне енді. Бұл хаттамада мемлекеттің оның заңи құзырындағы және бақылауындағы бас бостандығынан айырылған адамдар жататын немесе болуы мүмкін кез келген орынды мемлекеттік органның өкімі немесе оның нұсқауы бойынша, не оның қатысуымен немесе үнсіз келісімімен аралауды шешетіні көзделеді. Осы болулар қажет кезде мұндай адамдарды азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен қорғауды күшейту мақсатында жүзеге асырылады.

Азаптауларға қарсы комитеттің азаптауларды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі кіші комитеті аталған болуларды жүзеге асырады. Бұдан басқа, Қазақстан қатысушы мемлекет ретінде азаптауларды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу мақсатында болу үшін ұлттық деңгейде бір немесе бірнеше органды құрады, тағайындайды немесе қолдайды.[7]

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 146-бабына сәйкес, азаптау дегеніміз тергеушінің, анықтауды жүзеге асыратын адамның немесе өзге де лауазымды адамның не олардың айдап салуымен не олар біле тұрып немесе олардың үнсіз келісімімен басқа адамның азапталушыдан немесе басқа адамнан мәліметтер алу немесе мойындату не ол немесе басқа адам жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген әрекет үшін оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші тұлғаны қорқыту немесе мәжбүрлеу мақсатымен немесе кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қасақана тән зардабын және психикалық зардап шектіруі. 1997 жылғы Қылмыстық кодекстің 141-бабында бұл әрекеттер “қинау” деп аталған болатын. Лауазымды адамдардың заңды іс-әрекеті нәтижесінде келтірілген тән зардабы және психикалық зардап қинау деп танылмайды.[8]

ҚР Қылмыстық-атқару кодексінде жазалар мен өзге де қылмыстық құқықтық әсер ету шараларын орындау тән зардабын шектіру немесе адамның қадір-қасиетін қорлау мақсатын көздемейді.

“Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы” Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 30 наурызындағы Заңында күзетпен ұстау қылмыс жасаған деп күзетпен ұсталатын күдіктілер мен айыпталушыларды тәни немесе рухани азапқа тарту мақсатындағы іс-әрекеттермен ұштасуы тиіс.[9] Қылмыстық-процестік кодексте де азаптауларға қарсы бағытталған бірқатар шаралар көзделеді. Мәселен, нақты деректер, егер олар азаптаулар, зорлық-зомбылық жасау, қорқыту, алдау, сол сияқты өзге де заңсыз әрекеттер мен қатыгез қарау арқылы алынған болса, дәлелдемелер ретінде жол берілмейді деп танылуға тиіс.[10]

Факультативтік хаттаманы орындау мақсатында Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 2 шілдедегі Заңына сәйкес, Қазақстанда ұлттық алдын алу тетігі құрылып, жұмыс жасауда. ҰАТ оған қатысушылардың қызметі арқылы жұмыс істейтін, азаптауларды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі болып табылады. ҰАТ қатысушылары өз қызметі шеңберінде азаптаудың алдын алуды: жазаны орындайтын мекемелерде (түзеу мекемелерінде, тергеу изоляторларында, гарнизондардың гауптвахталарында, гарнизондық гауптвахталардың бөлімшелерінде); мәжбүрлеп емдеуге арналған ұйымдарда (мамандандырылған туберкулезге қарсы ұйымдар, мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдар, жалпы типтегі психиатриялық стационарларда, мамандандырылған

үлгідегі психиатриялық стационарларда); кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған арнайы мекемелер мен ұйымдарда (кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында, арнайы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында) жүзеге асырады.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ Үйлестіру кеңесі іріктейтін, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық байқау комиссияларының және қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары болып табылады. ҰАТ қызметіне білікті сарапшылар да тартылады.[11]

Биылғы жылы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мекемесі балалардың құқықтарына, мүгедектігі бар адамдардың, сотталғандардың және басқа да әлеуметтік осал топтардың, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, еңбек, тұрғын үй құқықтары, ақпарат бостандығы, бизнес пен адам құқығы, азаптаудың алдын алу және басқа құқық қорғау тақырыбына қатысты ел ішінде және шетелде өткен кең ауқымды көптеген іс-шараларға атсалысты.

Статистикаға жүгінер болсақ, жазбаша өтініштердің ішінде азаматтардың құқық қорғау органдары қызметкерлері тарапынан олардың құқықтарын бұзу туралы өтініштері басым түсіп жатады (37%). Олардың арыздарының тиісінше қарастырылмайтыны немесе құқық қорғау органдары қызметкерлері негіздейтін жауаптарды ұсынбайтынын, әуре-сарсаңға салу және жөнсіз қарым-қатынасы, оқиғалардың хаттамаларын, тергеулерді бұрмалау, азаптау және қатыгездікпен қарау, кінәні мойындатуға мәжбүрлеу, рұқсат етілмеген жұмыс тәсілдерін қолдану, процестік іс жүргізу шешімдеріне қатысты қабылданғандарымен келіспеу туралы хабарлайды.

Өзінің екі жыл қызмет ету ішінде ҰАТ қатысушылары азаматтық қоғам өкілдері атынан 808 аралау, соның ішінде, 33 арнайы аралауларды жүзеге асырды. Мекемелерді аралаулардың нәтижелері бойынша оның әкімшілігіне азаптауларды қолдануға септігін тигізетін анықталынған кемшіліктер мен жағдайларды жоюда ұсынымдар берілді. Прокуратура органдары заңның қорғанында тұрғанын және Қазақстанның құқық қорғау саласында бірден-бір негіз салушы институт болып табылатынын атап өткен жөн. Ел прокурорларының алдында қолданыстағы заңнамаға сәйкес қатаң түрде тиімді және барлық құқықтық институттармен өзара тығыз қарым - қатынаста шешілетін әрбір нақты адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталған маңызды міндеттер қойылған. ҚР Бас прокуратурасының деректері бойынша, 2015 жылдың 12 айында Сотқа дейінгі бірыңғай тізбеде азаптаулар туралы 116 арыз және хабарлама тіркелген. Өндірісте барлығы 126 іс болса, оның 12-сі сотқа жіберілген, 11-і тоқтатылған. 225 тұлғаны прокурорлар қызметтік жайларынан босатқан, 3 сағаттан астам уақыт ұсталғандар. Олардың ішінде 222 факті Ішкі істер органдары қызметкерлері тарапынан болған. Қылмыстық үдерістің сотқа дейінгі кезеңдерінде қолданылған шаралар азаматтарды заңсыз ұстау (2014 ж. 79-дан 2015 ж. 5-ке дейін), қылмыстық жауапкершілікке тарту (159-дан 37-ге дейін), қамауда ұстау (50-ден 10-ға дейін) фактілері азайған. Қазақстан Республикасы 2008 жылы БҰҰ Комитетінің өкілеттілігімен Қазақстанға қатысты азаптауға қарсы жеке шағымдарды қарастыруда келісімге келгені белгілі. Осы арқылы елдің тарапынан Конвенцияда қарастырылған азаптауға қарсы құқықтарын бұзу және құқықтық қорғаудың барлық ішкі құралдарын қолдану жағдайында аталған Комитетке азаматтарға шағым жасау мүмкіндігін берді.[12]

Қорытындылай келе, адамның және азаматтың қадір-қасиетін құқықтық қорғауға, ең алдымен, Ата заңымызда, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық құқық нормаларында кепілдік берілетіні белгілі. Жеке адамның қадір-қасиетін құрметтеуді қамтамасыз ету үшін заңды негіздерсіз, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың азаматтарға қатысты процестік істерді жүргізу тәртібін бұзуға жол берілмеуі тиіс. Азаматтарға қатысты осындай азаптаулардың алдын алу мақсатында 26 маусым - БҰҰ

бекіткен азапталған мен жәбірленгендерге қолдау білдірудің халықаралық күні деп белгіленді. 1979 жылдың 17 желтоқсанындағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 34/169 бұрыштамасымен қабылданған Құқық қорғауды қолдау бойынша лауазымдық тұлғалар тәртібінің кодексін өмірде жүзеге асыра отырып, Бас Ассамблея «қоғамдық тәртіпті қорғауда құқық қорғауды қолдау жөніндегі қызметінің сипаты жүзеге асырылуына қарай жекелеген тұлғалардың, ал сонымен бірге тұтастай алғанда қоғамның өмір сапасына тікелей әсерін тигізеді» дегенді баса айтты. Қазіргі заман жағдайларында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің рөлін арттыру және жауапкершіліктерін молайта түсу қажеттілігі пайда болғанын, өйткені қоғам неғұрлым көбірек ұйымдасқан қылмыс түрлерімен және жалпы қылмыстылықпен бетпе-бет келетінін атап өткен жөн. Сондықтан құқық қорғау органдарының қызметкері болып табылатын лауазымдық тұлға заңға сәйкес өз міндеттерін орындауда дербес жауапкершілікте болып, ұлттық заңнама мен халықаралық стандарттарды сақтауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (17-баптың 2-тармағы)
2. <http://fishki.net/38391-samye-uzhasnye-pytki-v-istorii-chelovechestva-21-foto.html>
3. http://otherreferats.allbest.ru/law/00192740_0.html
4. Женева конвенциясы (3-бап)
5. “Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы” (5-бап)
6. “Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясы” (1-бап)
7. “Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-амысты қорлайтын іс-әрекеттер және жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға факультативтік хаттама”
8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: Юрист, 2016 – 208 б. (146-бап)
9. “Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы Заң”
10. ҚР-ның Қылмыстық-процестік кодексі (112-баптың 1-тармағы)
11. ҚР Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. – Алматы: Раритет, 2015. – 552 б. (127-130-б.)
12. Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2015 жылғы қызметі туралы есебі (<http://www.ombudsman.kz/>)

УДК 343.985

**ПРОБЛЕМЫ КЛАССИФИКАЦИИ ТЕРРОРИЗМА
НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ**

Толкынбаева Тогжан Темирхановна

ttolkynbaeva@mail.ru

Магистрант 1 курса кафедры уголовного права ЕНУ им. Л.Н.Гумилева

Научный руководитель - Е.А. Онгарбаев

Преступления, связанные с терроризмом и религиозным экстремизмом, становятся актуальной проблемой. Борьба с ними становится проблемой международного характера, количество их растет. Это создает угрозу стабильности для общества, так как ведёт к массовым человеческим жертвам, разрушает материальные и духовные ценности.

Значительное внимание исследованию проблемы терроризма и противодействия ему в течение последних десятилетий уделялось учеными разных стран мира, в том числе из стран ближнего зарубежья. В их числе хотелось бы отметить научные труды таких отечественных и зарубежных авторов, как В. Ф. Антипенко, И. И. Басецкий и Н. А. Легенченко, С. В.